



10-15 APRIL 2023

**INTERNATIONAL
SCIENTIFIC-PRACTICAL
JOURNAL**

XIX GLOBAL SCIENCE

**AND INNOVATIONS 2023:
CENTRAL ASIA**



Astana, Kazakhstan



**ОБЪЕДИНЕНИЕ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ
В ФОРМЕ АССОЦИАЦИИ
«ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ ДВИЖЕНИЕ «БОБЕК»
КОНГРЕСС УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА**

ISSN 2664-2271



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
eLIBRARY.RU

РИНЦ



**«ГЛОБАЛЬНАЯ НАУКА И ИННОВАЦИЯ 2023:
ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ»**

**№ 1(19). АПРЕЛЬ 2023
СЕРИЯ «ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»
Журнал основан в 2018 г.**

II ТОМ

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Е. Абиев, PhD (Казахстан)
Ж.Малибек, профессор (Казахстан)
Ж.Н.Калиев к.п.н. (Казахстан)
Лю Дэмин (Китай),
Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)
Чембарисов Э.И. д.г.н., профессор (Узбекистан)
Салимова Б.Д. к.т.н., доцент (Узбекистан)
Худайкулов Р.М. PhD, доцент (Узбекистан)
Заместители главного редактора: Е. Ешим (Казахстан)

АСТАНА – 2023

© ОЮЛ в форме ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек», 2022





CONSOLIDATION OF LEGAL ENTITIES IN THE FORM OF
AN ASSOCIATION «NATIONAL MOVEMENT «BOBEK»
CONGRESS OF SCIENTISTS OF KAZAKHSTAN

ISSN 2664-2271



BOBEK



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА

eLIBRARY.RU

РИНЦ



«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2023:
CENTRAL ASIA»

No. 1(19). APRIL 2023

SERIES "PHILOLOGICAL SCIENCES"

The journal was founded in 2018.

II VOLUME

CHIEF EDITOR:

E. Abiev, PhD (Kazakhstan)

J. Malibek, professor (Kazakhstan)

Zh.N. Kaliev, candidate of pedagogical sciences (Kazakhstan)

Liu Deming (China),

E.L. Stycheva, T.G. Borisov (Russia)

Chembarisov E.I. Doctor of Geographical Sciences, Professor (Uzbekistan)

Salimova B.D. Ph.D., associate professor (Uzbekistan)

Khudaykulov R.M. PhD, associate professor (Uzbekistan)

Deputy chief editors: Y. Yeshim (Kazakhstan)

ASTANA – 2023

Consolidation of legal entities in the form of an
association «National Movement «Bobek», 20222





ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚОЖАНАСЫР БЕЙНЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ақбота Кенжеқожаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының
1 курс докторанты
Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Ж.О. Мәмбетов
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Мақалада түркі халықтарына тән философиялық һәм юморлық эсселер, аңыздар мен ертегілерде бейнеленетін фольклорлық кейіпкер – Қожанасыр образын зерттеу мәселелері қарастырылған. Жұмыс барысында түрлі деректер, сондай-ақ көптеген зерттеушілердің еңбектері талданып, әдеби шолу жасалған. Қожанасыр бейнесін зерттеудегі түрлі әдеби тәсілдемелер сараланып, алдағы уақытта осы бағытта жүргізілетін жұмыстардың перспективалары көрсетілген.

Тірек сөздер: фольклор, Қожанасыр, көркем бейне, прототип, түркі халықтары әдебиеті, комедиялық жанр.

Қожанасыр образы Орталық Азия және Таяу Шығыс елдерінде комедиялық жанрдың дамуына айрықша үлес қосқан кейіпкер ретінде танылған. Бұл елдерде қазақ фольклорындағы Қожанасыр деген есіммен белгілі әдеби қаһарманға түрлі есім таңылған. Мысалы, өзбектер, тәжіктер, түріктер «Ходжа Насреддин» десе (түріктерде осы кейіпкерге таңылған «Бу Адам» деген тағы бір есім бар), әзірбайжандар «Молла Насреддин», ирандықтар «Мулла Насреддин», ауғандықтар «Насреддин Афанди» деп атайды. Зерттеушілер Қожанасырдың прототипі өмірде болған, шамамен XII-XIV ғасырларда өмір сүрген деген пікір білдіреді. Кейіпкеріміз өмір сүрген нақты мерзімді анықтау мүмкін емес дейді, алайда тарихи деректер Қожанасырды түрлі тарихи қайраткерлердің замандасы етіп көрсетеді: Селжүк сұлтаны Алаеддин (XIII ғасырдың басы), Темір және I Баязид (XIV ғасыр) және т.б. [1, 644].

Қожанасыр туралы әңгімелер, деректер 15 ғасырдан бастап жинақталды. Дегенмен бұл деректер алғаш рет 1837 ж. Стамбулда «Матбаа-И-Амиреде» «Летаиф-и Хадже Насреддин» (Қожанасырдың қызықты оқиғалары) атты жинақта басылып шықты. Оның алғашқы миниатюрасы қазір Топкалы мұражай-сарайының кітапханасында сақтаулы тұр.

Қожанасыр бейнесіне қазақ әдебиеттану ғылымындағы қызығушылық 1920-1930 жылдары белең алды. Бұл іске білек сыбана кіріскендердің алғашқылары – Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының тілтану, әдебиет және өнертану ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері еді. Аталмыш мекеменің қызметкерлері ұйымдастырған зерттеу экспедициялары мен ғылыми зерттеу іссапарлары барысында қазақ халық ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері жиналып, Қожанасыр бейнесінің де жан-жақты зерттеуді қажет ететін ғылыми нысан екені айқындалады бастады. Қожанасыр жайында түрлі мәліметтерді жинақтап, жариялауды қолға алған ақын-жазушы, ғалымдардың арасынан Әубәкір Диваев, Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Өтебай Тұрманжанов, Есмағанбет Ысмаилов, Түкен Әбдірахманов, Балтабай Адамбаев секілді әдебиеттанушыларды ерекше атап өтуге болады.

Жазушы М.Әуезов: «Қожанасырдың өз басы қазақ емес және әңгімелері де әуелде қазақ ортасында туған әңгіме емес... Қожанасыр әңгімесі – көршілес өзбектен ауысып келген «қыдырынды әңгіме». Әңгіме көбінесе Қожа Насырдың шаһарда тұратындығын айта отырады» дейді [2, 281]. Демек, академик М.Әуезов «қыдырынды әңгімелер» отырықшылық, қаламен байланысты туғандықтан, Қожанасыр қазақтікі емес деп отыр.





Біздіңше, Қожанасыр – өзбек, тәжік, азербайжан тәрізді түркі халықтарына ортақ кейіпкер. Оның іс-әрекеті, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы күлдіргі болса да, әңгімелері ғибрат-үлгі, сабақ аларлықтай. Қазіргі қолданыста оның аты апеллятивтенген, себебі әпенділеу, аңқаулау немес сөз тапқыш адамды, «өзі бір жүрген Қожанасыр екен» деп жатамыз [3, 25].

Зерттеуші К.С. Давлетов Қожанасыр образының шығу тегін терең тараптан қойнауына үңіліп, VIII-XI ғғ. араб басқыншылықтары дәуіріне тән деген пікір білдіреді. «Егер Шығыс тарихында осындай керемет көркем, жиынтық образды қалыптастыруы мүмкін, хаджа Насреддин бейнесінің бесігі бола алатын кезеңді іздесек, онда тек осы дәуірге тоқтай аламыз» [4, 102]. Бұл пікірмен түбегейлі келіспесек те, Қожанасыр образы ғасырлар бойы елестелген, жиынтық бейне екені рас. Бірқатар әзірбайжан ғалымдарының ғылыми болжамына сәйкес, «Қожанасырдың прототипі – XIII ғасырда өмір сүрген белгілі Әзірбайжан ғалымы Хаджи Насреддин Туси». Дегенмен Қожанасыр әзірбайжан елінде «Молла» деп аталатыны бізге белгілі, ал зерттеушілер «Молла» Тусиге тиесілі Мовлан есінің бұрмаланған нұсқасы болуы мүмкін деп санайды [5, 235]. Мұның барлығы ғылыми дәлдікті, зерттеуді қажет ететін мәселе.

Енді бір ғалымдар легі Қожанасыр ойдан шығарылған кейіпкер деген ойда. Зерттеуші Идрис Шах өзінің сопылық жайлы еңбегінде Қожанасыр бейнесіне тоқталып өтеді. Оның пікірінше, Қожанасыр ойдан шығарылған әдеби қаһарман, дәруіш [6, 35].

Өзбек топырағында дүниеге келген Леонид Соловьев балалық шағынан Азия елдерінің фольклорына ерекше қызығушылық танытады. Уақыт өте келе бұл қызығушылық оны сөз өнерінің зергері атануға жетелеп, «Повесть о Ходже Насреддине» атты дилогияны жарыққа шығарады. Осы еңбегінде Леонид Соловьев Қожанасыр бейнесінің түрлі нұсқаларын көрсетеді:


1. Қайырымды Қожанасыр;
2. Зардап шегушілердің қорғаушысы;
3. Еркін ойлы-бүлікші Қожанасыр;
4. Ділмар, тапқыр Қожанасыр;
5. Шығыс данышпаны [7, 203].

Осылайша түрлі сипаттағы, алуан мінез бен болмысқа ие Қожанасырдың жиынтық образ екеніне тағы бір мәрте көз жеткізгендей боламыз.

Қожанасыр – уақыт пен кеңістік деген ұғымдардың ауқымынан тыс өмір сүретін жиынтық образ. Ол бір-бірінен алшақ мәдени құбылыстардың тізбегіндегі өзара байланыстырушы буын тәрізді. Қожанасыр бір мезетте данагөйдің синкреттік образы мен қарапайым, аңқау бейнені тұтастыра алған әдеби қаһарман.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Юлдашева, С. Т. Изучение образа Ходжи Насреддина в мировой литературе / С. Т. Юлдашева. // Молодой ученый. — 2020. — № 22 (312). — С. 643-647. — URL: <https://moluch.ru/archive/312/70809>
2. Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 559 б.
3. Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономастикасы: кейіпкер аттарының этнолингвистикалық сипаты (сатиралық-юморлық шығармалар бойынша): монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 346 б.
4. Давлетов К.С. О происхождении образа Ходжи. Томск, 1962. – 364 с.
5. Двадцать четыре Насреддина (2-е, дополненное издание книги «Двадцать три Насреддина»). Составление, вступительная статья, примечания и указатели М.С. Харитоновой. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1986. – 622 с.
6. Айталы А.А. Рухани кемелдік. Ғылыми-публицистикалық мақалалар. – Ақтөбе, 2019. – 221 б.
7. Соловьев Л.В.: Повесть о Ходже Насреддине. Москва: Эксмо, 2015. – 288 с.





СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

АТАХАНОВА ДИНА ҚАНАТҚЫЗЫ (ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ҚАЗАҚСТАН) ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «МАҢҒЫСТАУ МАЙДАНЫ» РОМАНЫНДА МАҢҒЫСТАУ ЖЕРІНІҢ СУРЕТТЕЛУІНДЕГІ АВТОРДЫҢ ШЕБЕРЛІГІ	3
ӨМІРТАЙ НҰРАЙ СЫРЫМҚЫЗЫ (ШЫМКЕНТ, ҚАЗАҚСТАН) ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ ОҚУҒА ҮЙРЕТУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ	7
ЖАНКАЗЫ АЛТЫНГУЛ, АБДУРАШИДОВА АКМАРАЛ ГАЗЛИЕВНА (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН) ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ	10
ЖАНКАЗЫ АЛТЫНГУЛ, МУСАЕВА ХАФИЗА БАХТИЯРОВНА (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚЫТАЙ ТІЛІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕСІ	12
РАЙЫМБЕКОВА ДИНАРА ЛЕСБЕКОВНА (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН) ЛОРД БАЙРОННЫҢ «АБИДОС ҚАЛЫҢДЫҒЫ» ШЫҒАРМАСЫНАН АЛЫНҒАН МЫСАЛДАР БОЙЫНША ТҮРКІ КІРМЕ СӨЗДЕРІН АУДАРУЫ	16
АЛИМЖАНОВА АЙГЕРІМ ОРАЗАЛИЕВНА (ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН) ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОМӘДЕНИ РЕАЛИЙЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУЫ: АССОЦИАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ НӘТИЖЕЛЕРІ	19
АБДЫКАЛЫКОВА АЙСУЛУУ АЙТЫКУЛОВНА (БИШКЕК, ҚЫРГЫЗСТАН) ПРОФ.К.ТЫНЫСТАНОВДУН ОҚУУ КИТЕПТЕРІНДЕ СИНТАКСИСТИН ТЕОРИЯЛЫҚ МАСЕЛЕСІ	24
RAKHMETULLAeva ZHAZIRA RAKHMETULLAKYZY, BAKY TZHANKYZY ULZHAN (KYZYLORDA, KAZAKHSTAN) COMPUTER ABBREVIATIONS IN THE ENGLISH LANGUAGE	28
BOLAT RAUAN (OSKEMEN, KAZAKHSTAN) THE IMPORTANCE OF ORAL AND WRITTEN NARRATION	31
ТӨЛЕНОВА ШАПАҒАТ ҒАЗИЗҚЫЗЫ, МУНАТАЕВА Э.М. (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН) «АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СЛЕНГТИҢ РӨЛІ»	35
САКЕНОВА АЯУЛЫМ ТИЛЕУКАБЫЛОВНА (ПАВЛОДАР, ҚАЗАҚСТАН) THE USE OF ENGLISH IDIOMS IN DEVELOPING HIGH SCHOOL STUDENTS' SPEAKING SKILLS	38
КЕНЖЕКАНОВА К. (УСТЬ-КАМЕНОГОРСК, КАЗАХСТАН) OBJECTIVE AND SUBJECTIVE TESTS AS INNOVATIVE APPROACHES	42
АҚБОТА КЕНЖЕҚОЖАЕВА (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚОЖАНАСЫР БЕЙНЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ	45
АХМЕДОВА АНАР АБДРАЗАКҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) КОММУНИКАТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ	47
НҮСІПБЕКОВА АРАЙЛЫМ ЕРЖАНҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) ТВОРЧЕСТВО МОРИСА СИМАШКО В СОВРЕМЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	52
АЛТЫНБАЙ ЖАЙДАРЛЫ ЕРЛАНҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ ЖӘНЕ МИЗАНСЦЕНА	54
САГАТОВА ГУЛЬМИРА КАНАТОВНА, ХАМЗИНА КАРЛЫҒАШ МАУЕНОВНА (ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН) ЛАТЫН ӘЛПБИЕНЕ КӨШУ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ	61





СУЛТАНОВА СУЙУНГУЛ ТАШБАЕВНА, МАМАТОВА АЛТЫНАЙ МАЛИКОВНА, ОРОКБАЕВА ЗУЛПИЯ ЖОЛДОШБАЕВНА (БАТКЕН, КЫРГЫЗСТАН) РОЛЬ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК О ТРУДЕ В ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ 64
МУРЗАХМЕДОВА НАРГИЗА САЙФУЛАЕВНА, ОРОКБАЕВА ЗУЛПИЯ ЖОЛДОШБАЕВНА, САРЫБЕКОВА ГУЛКУМАР ЗИЯВДУНОВНА (КЫЗЫЛ-КИЯ, КЫРГЫЗСКАЯ РЕСПУБЛИКА) ОБУЧЕНИЕ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ 68
ДҮЙСЕН ЛАУРА (ТАРАЗ, КАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАНДАЙЫНА БІТКЕН ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ ЖЫРАУЫ – БҰҚАР ЖЫРАУ 73





Научное издание

МАТЕРИАЛЫ
Международного научно-методического
журнала
**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2023:
CENTRAL ASIA»**

Сборник научных статей
Ответственный редактор – Е. Абиев
Технический редактор – Е. Ешім

Подписано в печать 20.04.2023
Формат 190x270. Бумага офсетная. Печать СР
Усл. печ. л. 25 п.л. Тираж 10 экз.

